



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№29 (1811)
17 шілде
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Дипломатия мектебін қалыптастырған тұлға

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында егемен ел атанып, жаңа мемлекеттілікті қалыптастыру кезеңіндегі тағдыршешті тарихи қадамдармен бөлісе отырып, халық игілігі жолында бірлесе жұмыс атқаратын қажетті мамандардың тапшы болғанын баяндайды. Тіпті кейбір мемлекеттік органдар таратылып, орнына жаңалары құрылғанымен, кеңестік кезеңдегі кейбір басшылардың лауазымды қызметтерге тәжірибелі, көзі ашық азаматтардың тағайындалуына ашық қарсы болғанын жасырмайды. Соған қарамастан, уақыт талабына сәйкес жұмыс істейтін жастар мен үзеңгілестеріне үміт артып, шешуші кадрлық өзгерістер жасауға тәуекел еткен естеліктерімен бөліседі.

«Менің кадрлық саясатым шу дегеннен-ақ қатал әрі жалғасты болды. Ол жауапты қызметтерді, қажетті білім мен машығы болуымен қоса, бірінші кезекте мемлекет пен халықтың мүддесінен туындайтын реформа жұмыстарына бүкіл күш-жігерін сарқа жұмсауға дайын мінсіз профессионалдар атқаруы тиіс деген сенімге негізделді», – дейді.

Елбасы сол уақытта асқан көрегенділікпен тап басып таныған, сондай-ақ қандай күрделі, жауапты қызметтерге тағайындаса да, міндетін мінсіз атқаруға тырысқан білікті басшылардың бірі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаев еді.

Жалғасы 2-бетте



Университеттегі білім беру ісі мен барлық қоғамдық мәдени-рухани іс-шараларды ұйымдастыруда белсенділік танытқан, оқу орнының қарқынды дамуына өзіндік үлес қосқан барша аға куратор-эдвайзерлер мен факультеттердің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың Алғыс хатын иеленді.

Ректордың Алғыс хаты табысталды

– Жас өрендеріміздің сапалы білім мен ұлағатты тәрбиені бойына сіңіріп, тұлға болып қалыптасуы жолында еңбек ету – біздің негізгі борышымыз. «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей», – деп Ыбырай Алтынсарин айтпақшы, қарашаңырақ қабырғасында болашақтың кірпіші болып қалануға талпынған жастарға жол көрсетіп, жөн сілтеу – біздің ұстаздық парызымыз. Алдағы уақытта да талапты, тәрбиелі жастардың қанатын қатайту мақсатында өз үлесімді қосу үшін аянбай тер төгемін, – дейді ақпараттық технологиялар факультетінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнұр Ғазизқызы.

– Еліміздегі эпидемиология байланысты биыл ұйымдастырылған шаралардың онлайн форматта өтуі барша ұжымға салмақ салғаны белгілі. Соған қарамастан, оқу орны «Үздік адвайзер», «Ең үздік студенттік топ», «1-курс таланттары», «Студенттік көктем», «Мен жастарға сенемін» форумы сынды басқа да мәдени іс-шаралардың барлығын дерлік толық жоспарға сай орындап, бүгін алғыс хат иеленуіміз сол еңбегіміздің еленгені деп білемін, – дейді куратор-эдвайзер Гүлмира Өтемісова.

Өскелең ұрпақтың рухани, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, бәсекеге қабілетті кәсіби маман болуына тікелей себепші болатын куратор-эдвайзерлер мен ұстаздар қауымының еңбегі әрқашан еселене берсін!

Қабылдау комиссиясының жұмысы қарқын алды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қабылдау комиссиясының жұмысы қарқынды жүргізілуде. Биыл білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен комиссия құжат қабылдаудың жаңа деңгейіне көшті.



1 маусымда жұмысын бастаған қабылдау комиссиясы заманауи құрылғылармен жабдықталған ғимаратқа көшіп, талапкерлер үшін электронды кезек жүйесін іске қосты. Ең қажет әрі маңызды ақпараттар жастар назарына әлеуметтік желілер арқылы сәт сайын ұсынылуда.

Журналистика, философия, саясаттану, медицина және денсаулық сақтау факультеттерінде 20 маусым – 7 шілде аралығында шығармашылық емтихандарға құжат қабылданып, 8-13 шілде аралығында бакалавр бойынша барлығы 619 талапкер сынға түсті. Оның ішінде философия және саясаттану факультетіне – 101, медицина және денсаулық

сақтау факультетіне – 141, ал журналистика факультетіне 377 жас өтініш білдірген.

Магистратураға талаптылар үшін құжат қабылдау 16 шілдеге дейін жалғасып, 16-25 шілде аралығында шығармашылық емтихандар өтеді. Докторантураға түсуге арналған емтихандар 4-20 тамыз аралығын қамтиды. «Жүзден – жүйрік» шығып, оқуға түсушілер тізімі мемлекеттік тапсырыс бойынша 25 тамызға дейін жарияланатын болады.

Сондай-ақ еліміз бойынша ҰБТ тапсырған және шекті балл жинаған талапкерлерден мем-

лекеттік білім грантын тағайындау конкурсына өтініштер 16 шілдеден бастап онлайн және офлайн форматта қабылдана бастайды.

Мамандардың мәліметінше, қазіргі таңда Microsoft Team, WhatsApp және өзге де әлеуметтік желілер бойынша онлайн режимде 3514 талапкерге, офлайн 5305 талапкерге жан-жақты кеңес берілген.

Талапкерлер мамандықтар бойынша толық ақпаратты welcome.kaznu.kz сайтынан таба алады. Сонымен қатар Instagram (@kaznu_talapker), Telegram (Kaznu_Talapker),

Facebook (Kaznu Talapker), TikTok (Kaznu talapker) желілеріндегі арнайы парақшалар талапкерлер үшін қызмет етуде.

Қарашаңырақ білім ордасы ең білімді әрі өзіне сенімді жастарды оқуға шақырады! Қымбатты талапкер, әлемнің 200 үздік университеті қатарына енген еліміздегі жалғыз жоғары оқу орны – ҚазҰУ-ды таңда да, жарқын болашағыңа қадам бас!

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз
қызметі



Ғани ОМАРОВ:
Археологияда
ашылмаған
нысандар көп

4



Жаһандану
жастар
көзімен...

6



Жаңа жағдайға
бейімделген
Jinalys Room

7

Қазақстанда бизнес-білім беруді дамыту мен басқарудың тиімді стратегиясын құру – қазіргі заманның негізгі проблемаларының бірі. Бизнес-білім берудің сапалы жүйесінің болуы кәсіпкерлерге, басқарушыларға Қазақстанның әлеуметтік-мәдени капиталын, экономикасы мен бизнесін белгісіздік пен күрделі өтпелі кезең жағдайында жаңғыртуға ғана емес, дамытуға да мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда кәсіпкерлік және басқару дағдыларын оқытуға жауап беретін бизнес-мектептердің рөлі арта түсетіні сөзсіз.

Farabi business school:

ТАРИХ ПЕН ИННОВАЦИЯНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

науи сын-тегеуріндеріне жауап беруге және білімге негізделген жаңа инновациялық экономиканың дамуын басқаруға қабілетті кәсіпкерлер мен бизнес көшбасшыларын даярлау. Бүгінде бизнес-мектеп іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA), іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ басшылардың кәсіби даму бағдарламаларын іске асырады.

Қазір Farabi business school қалыптасу үстінде. Бизнес-мектеп жаңа бастаған менеджерлерден бастап, басшылар мен бизнес иелеріне дейін түрлі деңгейдегі басқарушыларды оқыту бойынша бағдарламалар кешенін ұсынуды жоспарлап отыр. Жаңа оқу жылында персоналды басқару, спорт, білім беру, туризм және қонақжайлылық сияқты бірнеше жаңа авторлық MBA және DBA білім беру бағдарламалары басталады.

2019 жылғы MBA бағдарлама-



сының тыңдаушылары бизнес-мектеп бағдарламасына сенетін ізашарлар болды. Бірақ қазір біздің түйлектер бағдарламаны батыл ұсынады, ал екінші және келесі жиынға көптеген қатысушылар достары мен әріптестерінің ұсынысы бойынша келді.

Президент Қ.Қ.Тоқаев Farabi business school мектебіне келген кезде басшылар мен кәсіпкерлердің проактивті басқару құзыреттерін дамытуға мүмкіндік беретін бизнес-білім беру мен консалтингтің синергетикалық әсерінің маңыздылығын атап өтті. Осын-

дай міндеттерді іске асыру оқитудың жаңа форматын қамтамасыз етеді. Қазір Farabi business school-де бизнесте үлкен тәжірибесі бар бизнес-тренерлер және корпоративті консалтинг, академиялық дәрежесі бар лекторлар сабақ береді.


Тәжірибе көрсеткендей, тиімді көшбасшы болу үшін университеттің негізгі білімі мен басқарудың практикалық тәжірибесі жеткіліксіз. Кәсіпкерлік қызметті басқарудың заманауи тәсілдерін білу, мүмкін болатын даму сценарийлерін модельдеу және бизнес-процестерді тиімді басқару үшін жаңа идеяларды қалыптастыру мүмкіндігі қажет. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы басшыға басқарушылық бизнес-білімі қажет. Сондықтан Farabi business school-дың MBA және DBA бағдарламалары басқарушылық ойлау мен бизнес-құзыреттілікті дамытуға назар аудара отырып, басқарушы кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

Разработали новую систему мониторинга

Стремительное распространение социальных онлайн-сервисов и развитие технологий Big Data инициировали интерес к использованию сведений из социальных сетей в различных отраслях. Сегодня приобретают популярность технологии «мониторинга социальных сетей» (social listening) и контент-анализа.

ционные поводы и отношения к ним; найти ценные инсайты и принять правильные управленческие решения; анализировать динамику упоминаний о бренде/событиях/мероприятиях; оценить социальное самочувствие общества по принципу «лакмусовой бумажки».


Новый сервис OMSystem позволяет мониторить ведущие новостные порталы страны, социальные сети, такие как Facebook, Instagram, V Kontakte, Telegram, Youtube, Twitter, а также аккаунты известных блогеров, сайты отзывов, аккаунты оппозиционных ресурсов и личностей, сайты и аккаунты социальных сетей акиматов. Система OMS разработана с использованием технологии Social Listening, Machine Learning, Big Data и др.



«Информационная система мониторинга мнений OMSystem (opinion monitor system)»

Данные сервисы в основном представлены зарубежными разработками, лингвистические словари, которых построены на английском языке, и они плохо адаптированы под казахский и русский языки. Разработанная программистами Центра анализа и обработки данных КазНУ им.Аль-Фараби, отечественная информационная система мониторинга мнений OMSystem, позволяет мониторить информационное пространство и определить масштаб проблемы; услышать мнение общества и оперативно вносить пояснения; оценить вовлеченность пользователей в тему, выявить есть ли основные

влиятельные лица темы обсуждения, формирующие общественное мнение; выявить информа-



Молодые ученые и IT-специалисты КазНУ им. Аль-Фараби разработали Android-приложение «Tracker COV KZ», которое помогает распознать симптомы коронавируса и вовремя обратиться к врачу для диагностики и лечения заболевания.


ботчики, приложение не претендует на методику точной диагностики вируса и не ставит медицинское заключение, оно по совокупности ха-

За здоровьем следит мобильное приложение

Сегодня весь мир ведет борьбу с пандемией COVID-19, в Казахстане предпринимаются меры для предупреждения новой волны опасной инфекции, ученые КазНУ им. Аль-Фараби тоже вносят свой вклад в общее дело.

Всемирная пандемия выявила острую необходимость в быстром диагностировании и своевременном обращении за медицинской помощью. Это активизировало деятельность ученых и новаторов по созданию новых современных систем диагностики, в том числе с использованием цифровых технологий. В ведущем вузе страны молодые ученые и IT-специалисты разработали Android-приложение «Tracker COV KZ», которое дает возможность людям самостоятельно отслеживать симптомы коронавируса и вовремя обратиться за медицинской помощью.

«Сегодня мы обеспокоены неутешительными прогнозами, связанными с новой волной пандемии. Цель нашей разработки – научить пользователей с помощью мобильного приложения



следить за своим здоровьем и при первых симптомах коронавирусной инфекции своевременно обращаться за медицинской помощью. Это очень важно, поскольку временной фактор напрямую влияет на протекание заболевания и эффективность лечения», – подчеркнула инженер Центра анализа и обработки данных КазНУ Сауле Торекул.

рактрных симптомов дает рекомендации о необходимости обращения за помощью. Мобильное приложение включает динамическую систему опроса, по результатам которого можно получить детальный отчет о наличии симптомов коронавируса. Также оно позволяет отправить эти результаты в медицинское учреждение или врачу. Кроме того, в приложении можно отслеживать актуальную статистику по ситуации COVID-19 в Казахстане. Сейчас оно доступно на двух языках – казахском и русском, планируется создать версии на английском языке и для OIS. Android-приложение можно скачать в Play Market и установить на мобильное устройство.

Как заверили в Центре анализа и обработки данных КазНУ, работа по совершенствованию «Tracker COV KZ» будет продолжена, изменения планируется вносить с учетом предложений пользователей.

Подготовил
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Жаһандану – күрделі ұғым. Оның әсері мемлекеттегі ұлттық руханияттан экономикаға дейінгі барлық саланы қамтуда. Сондықтан оның ауқымын таразылауда философиялық тұжырым жасаудың маңызы зор. Ал оған дейін оның мәнін барынша түсініп, жан-жақты сараптауымыз ләзім. Бүгінгі ақпараттық қоғам кеңістігінде жаһанданудың ықпалы өте жоғары. Сондықтан біз жалпы тақырыпты заманауи даму жолындағы жастардың өз арасында талқылап алуды жөн көрдік. Олардың пікірлерін қағазға түсірдік. Ендеше ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультеті студенттерінің жаһандану үрдісі туралы пікірлерімен таныс болайық, оқырман!



Жаһандану жастар көзімен...

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТІЛ БАСЫМ БОЛАДЫ



Философияның заңы бойынша екі бірдей нәрсе құбылыс болмайтыны сияқты, бір тұлғаның екі тілді дәлме-дәл бірдей білуі де мүмкін емес. Екі немесе одан да көп тіл білетін кез келген адам үшін, әйтеуір, бір тіл үстем болады. Табиғи жағынан алғанда, әдетте адам үшін өзінің ана тілі басым болуы керек, бұл – жаратылыс қағидасы. Ал қазіргі ғаламдық шындыққа қарасак, онда ана тілінің емес, мемлекеттік тілдің немесе бәсекеге қабілеті жоғары тілдердің басымдығын айқын аңғарамыз.


Айталық, әлемде мыңдаған тіл бар десек, олардың 90-нан астамы ғана мемлекеттік немесе ресми мәртебеге ие. Яғни ана тілінің көпшілігі әлгіндей мәртебеде шет қалғандықтан, олардың басым көпшілігі қоғамдық қатынастарда қолданылмайды. Сондықтан ол тілдерде білім берілмейді, бұқаралық ақпарат құралдары жарияланбайды, кітаптар шықпайды.

Жаһандану кезінде әлемдік тілдердің ықпалы артады, терминология халықаралық мазмұнға ие болады, басым тілдерде жасалған сөз тіркестері қолданылады. Осындай болуға тиісті тілдік-мәдени үдерістер барлық тілдерге тән.

Түйіндей келе айтарым, тіл – ойдың жемісі. Қай тілде ойласан, сол тілде сөйлейсің. Сол себепті тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ұлтты, әлемді, дүниені тану моделі. Оны отандастарымыздың баршасы сезінсе, түсінсе жаһандану дәуірінде барлық құндылықтарымызды өз деңгейінде сақтай аламыз, жетілдіре де аламыз.

Ботагөз ҚАЛИЕВА,
2-курс студенті

ЖАҒАНДАНУ - ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ



Бүгінгі таңда жаһандану қоғам дамуының негізгі факторларының біріне айналды. Жаһандану процестері елдердің және халықтардың бір-бірімен жақсы араласуына, адамзаттың интеграцияға және оның тіршілік әрекетіне әкеп соқты.

Мәдениет саласында жаһандану процестері дәстүрлі тарих пен мәдениеттің құндылықтары мен элементтерін, сондай-ақ халықтардың тілін елемез негіз болып табылатын бүкіл әлемде бұқаралық мәдениеттің серпінді таралуына әкеледі. Сонымен бірге ұлттық өзін-өзі танудың жандануы қоғамның жаһандану процестерінің жойқын әсеріне қарсы қорғаныс реакциясы болып табылады. Бұл тенденциялар, менің ойымша, үлкен оң мәнге ие және халықтардың әмбебаптандыру мен стандарттау процестеріне қарсы табиғи реакция. Басқаша айтқанда, ұлттық өзін-өзі танудың жандануы, трансформациялық әлем жағдайында түйінді этноконструкциялық белгілердің ролін күшейту ұлттардың сақталуы мен дамуының, сондай-ақ олардың ұлттық бірегейлігінің өзгеруіне негізгі себептердің бірі болып табылады.

Нұрай НҰРАХМЕТОВА,
2-курс студенті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

XXI ғасырда Қазақстан әлемдегі жаңа орын үшін күресуге мәжбүр болады, онда ресурстар шешуші фактор емес. Ал бейімделу мүмкіндігі, қаржылық, ақпараттық және тауарлық ағындарда, жоғары технологиялар саласында өз үлесін алу негізгі фактор болып табылады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың пікірі бойынша: «Біздің ел өзгермелі әлемдік экономикалық тәртіпке бейімделу үшін барлық қажетті алғышарттарды жасауы керек».

Жаһандану және оның туындайтын процестері күш пен бейімделушілікті, мінез-құлықтың дәстүрлі модельдерін, өмір салты мен дүниетаным тәсілдерін, сондай-ақ адамдардың құндылықтарын, бағдарларын, алалаушылықтарын сынады. Жаһандану сын-қатерлеріне тиімді жауап ретінде білім беру жүйесін жетілдіру, тұтыну мен жинақтау заңдылықтарын ұтымды ету, мемлекеттер арасындағы қатынастарды жақсарту және әр адамның жеке-жеке жауапкершіліктерін арттыру кіреді. Қазіргі экономикалық жүйенің жаһандану үдерісі күшейіп жатқан жағдайда ешбір ел өзінің мәселелерін бүкіл әлеммен тығыз үйлестіріссіз шеше алмайды. Бұл тығыз халықаралық ынтымақтастықты талап етеді.



Дәулет БЕЙБИТ,
2-курс студенті

СПОРТ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖАНДАНДЫРА ТҮСТІ

Әлем елдерінде жаһандану дәуірі басталғалы ұлттар мен ұлыстардың экономикасы, тұрмыс-тіршілігі, әлеуеті дамып келеді. Сонымен қатар осы айтылғандармен бірге, спорттың да ерекше қарқынмен дамып келе жатқанын байқап отырмыз. Мәселен, универсиада, олимпиада, Азиада т.б. осы сынды халықтар арасында әртүрлі спорт салаларынан жарыстар өтеді. Бұл жарыстар тек қана орын үшін емес, сонымен қатар халықтар арасында достық қарым-қатынас орнату үшін, мәдениетімен танысу үшін, бір-бірі жайлы көптеген мәлімет білуге өзінің септігін тигізери анық.


Алматы қаласы өзінің тамаша спорттық және жапсарлас инфрақұрылымы арқасында және басшылықтың әлеуетті қолдауымен 2017 жылғы студенттердің әлемдік қысқы ойындарын, былайша айтқанда, Қысқы универсиаданы ұтып алды. 1990 жылдардан бастап спорт танымалдылыққа ие бола бастады. Ол бұқаралық, бос уақытты тиімді пайдалану, араласу, бірігу үшін қолайлы мәдениет саласы болды. Бүгінгі таңда халықтың қызығушылығының



арқасында кей спорт түрлері өз-өзін асырайтын дәрежеге жетті. Мысалы, футболды алайық. Клубтар өздерінің арасында ойыншылармен келісімшартты сатып, одан қалса, футбол көрші жанкүйерлерге билет сатып, жарнама жасап, өз әлеуетін өздері осылай көтере алуы қуантарлық жағдай.

Дей тұрғанмен жаһандану ұғымының түпкі мақсаты бәрімізге аян. Қай ұлттың тілін, мәдениетін үйреніп, құрметтегенмен, өз елдігімізден айырылмаған жөн.

Самат ӘБУОВ,
2-курс студенті



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰНТТАУ КЕРЕК

Жаһандану – әлемнің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуі. Қарапайым тілмен айтқанда, жаһандану – елдердің әртүрлі деңгейде біріге отырып дамуы.

Ал осы жаһанданудың мәдениетке әсері қандай? Мен бұл мәселе жайлы екі түрлі көзқараста болар едім. Себебі жаһанданудың мәдениетке жақсы әсері де, жаман әсері де бар. Мәселен, жақсы жағынан, әрине, еліміздің мәдениеті басқа шетелдермен бірдей деңгейде дамуы. Жаһанданудың ерекше жағымды жақтары ең алдымен адам өмірінің мәдени аспектісіне қатысты болуында. Жалпы, мәдени жаһандану – бұл діни және ұлттық шекараларды жоюға бағытталған процесс. Ол өзінің басты мақсаты үшін бүкіл адамзатты бір жаһандық өркениетке біріктіреді. Жаһанданудың мәдени аспектісі қазіргі әлем үшін адамға бүкіл әлемдегі оқиғаларды бақылап отыруға мүмкіндік беретін бұқаралық ақпарат құралдары сияқты ажырамас факторды ұсынады. Ғылыми білім мен технологиямен алмасу прогрестің басты қозғаушысы болып табылады, сондықтан осы саладағы қазіргі жағдай мәдени жаһандануға байланысты деп айтуға болады.

Жаһанданудың теріс әсеріне тоқталсақ: қазақи мәдениетіміздің дамуына біршама кедергілер келтіреді. Яғни қазіргі кезде осы жаһандану мәселесіне байланысты көптеген жастарымыз батыстық мәдениетке қызығушылық танытып, тіпті соларға еліктеуді көп кездестіреміз. Бұл өз кезегінде ана тіліміздің, салт-дәстүріміздің біртіндеп ұмытылуына әкеледі. Бұл жерде бар мәселе ұлттық менталитеттің даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты болып отыр. Әрине, ұлттық менталитеттің ішкі мүмкіндіктерін жаһандану үрдісінде дұрыс, тиімді пайдаланудың маңызы өте зор.

Нұрсұлу ҚАРЖАУБАЕВА,
2-курс студенті

Дайындаған
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Коронавирус өмір салтымызға өзгеше заңдылықтар енгізді. Осыған байланысты экономиканың барлық салалары үшін бейнеконференциялық байланыс қызметтеріне қажеттілік туындады. Статистикаға сүйенсек, 2020 жылы күнделікті бейнеконференциялық байланыс трафигі 535 пайызға өскен. Қазіргі таңда бейнеконференциялар жай ғана қосымша жаңалық емес, маңызды бизнес-құралға айналды.

миллиард доллардан асуы мүмкін.

Орталық мамандары Jinalys Room-ның артықшылығы локализация екенін алға тартты. Өйткені серверлердің барлығы Қазақстанда орналасқан.

– Zoom – шетелдік сервер,

жасаушылар жұмыс істеуде. Бұл арқылы кез келген ұйымдастырушы немесе мұғалім онлайн-кабинетке кіріп, сауалнама жүргізе алады, Google Forms секілді. Ұйымдастырушы онлайн-конференция барысында сауалнама жүргізіп, дер кезінде нәтижесін

жүйесіне тіркелген болсаңыз, сізде бірден кесте бойынша сабақтар ашылады. Аудиторияны таңдаған секілді сабақты таңдап, кіріп қатыса бересіз. Сонымен бірге инженер-талдаушы Мадияр Тасболатов бұл жерде «жабық бөлме» құруға болатынын

Жаңа жағдайға бейімделген Jinalys Room

Осыған байланысты ҚазҰУ-дың IT-мамандары Әл-Фараби open-source шешімдер базасында Jinalys Room веб-қосымшасын әзірледі.

Jinalys Room – бұл онлайн режимдегі конференциялар, кеңестер, баяндамалар және жазбалар қоймасы жүйесінің функциялары бар қазақстандық бейнеконференциялық байланыс сервисі. Ол онлайн оқыту, хабарлама алмасу, сондай-ақ корпоративтік ақпараттық жүйелермен интеграциялау үшін әртүрлі API-сервистерді қолдайды. Негізгі мақсаты – қосымша бағдарламалық жасақтаманы орнатпай, онлайн оқытуды қамтамасыз ету. Сондай-ақ университеттің серверлік инфрақұрылымында инсталляция өткізу мүмкіндігі бар. Бұл деректердің қауіпсіздігін және бейнетрафиктің локализациясын қамтамасыз етеді.

Университетіміздегі деректерді талдау және өңдеу орталығының мамандары бұл жоба қоғамдық қажеттіліктен туындағанын айтуда.



Мадияр Даниярұлы

айтты. Яғни сіз пайдаланушылардың тізімінен адамдарды таңдап, тек сол кісілерді ғана бөлмеге кіргізесіз.

– Jinalys Room open source шешімдер негізінде жасалған. Пилоттық режимде Jinalys Room арқылы ректораттағы жиналыстарды өткізіп көрдік. Жиынға бір мезетте 170 адам қатысты. Одан бөлек, бірнеше апта бойы Jinalys Room арқылы онлайн режимде студенттер сабақ өтті. Нәтижесінде қатысушылар арасында сауалнама жүргізіп, пікірлерін білдік. Платформаны пайдаланған азаматтар өздерінің ойларымен бөлісіп, ұсыныстарын айтты. Болашақта оның барлығы ескерілетін болады, – дейді Мадияр Даниярұлы.

Оның айтуынша, Jinalys Room-ның тағы бір артықшылығы – ештеңені жүктеп, орнатып отырмайсыз, браузер болса, кез келген құрылғы арқылы қосылуға болады. Бейнеконференция барысындағы байланыс орнатудың қиындықтары жайында шетелдік басылымдар да жазып жүр. Мәселен, бейненің уақытты ысырап ету проблемаларын айтуға болады. Егер техникалық баптаулар пайдаланушы үшін қиын әрі түсініксіз болса, жиналысқа бөлінген уақыттың 30 пайызы ысырап болады екен. Сондықтан ҚазҰУ мамандары даярлаған жоба көптеген бизнес-құрылымдар немесе мемлекеттік мекемелер үшін ұтымды шешімдер ұсынады. Сонымен бірге мұндай бейнеконференциялар уақыт пен ақшаны үнемдейтіні де ескерген жөн. Өйткені пайдаланушылардың жартысына жуығы бейне қоңырау опцияларын пайдалану арқылы іссапарларды қысқарта алады. Бұл туралы Digital in the Round өз сараптамаларында айтып өткен. Ал Doodle-дің 2019 жылғы есебінде жиындарға жұмсалған уақыт статистикасы кездесулердің нашар ұйымдастырылуына байланысты жыл сайын 399 миллиард доллардан астам қаражат жоғалатынын көрсетеді.

Қазіргі таңда Jinalys Room жобасына мемлекет тарапынан авторлықты қуәландыратын ресми құжат та берілген. Ақпараттық жүйеге jinalys-room.kz сайтына өтіп қосыла аласыз.

Кәмила ДҮЙСЕН

Оның айтуынша, оқу ордасының кез келген қызметкері өзінің есептік жазбасы арқылы платформаға тіркеле алады. Digital in the Round сервисінің сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің 98 пайызы қашықтан бейнеконференциялық байланыс арқылы жұмыс істеу өнімділіктің жоғарылауына әкеледі деп сенетінін көрсеткен.

– Біздің ендігі жоспарымыз – Jinalys Room-да Platonus, Moodle, Kundelik секілді басқа да LMS (learning Management System) жүйемен бірге бір экожүйе құру. Студент пе, оқушы ма, маңызды емес. Мәселен, Kundelik-тен бірден Jinalys Room-ға өте алатындай мүмкіндік жасау туралы идеямыз бар. Әрі барлық мәліметтер бір жерде жинақталады. Сонымен бірге пайдаланушы Jinalys Room-дағы бейнежазбаны Univer жүйесіндегі сілтеме арқылы өтіп көре алады, – дейді ол.

Аталмыш жобаның сұранысқа ие болатын мүмкіндігі мол. Мұны мынадай деректермен дәлелдей аламыз. Мәселен, өткен жылы әлемдік бейнеконференция нарығының құны 7,87 миллиард долларға жетті. Ал 2019 жылы 3,85 миллиард долларды құраған. Биыл бұл көрсеткіш 6,03 миллиард доллар деңгейінде болады деп жоспарланып отыр. 2021 жылға арналған бейнеконференциялық байланыс статистикасына сәйкес, 2020 жылдан 2026 жылға дейінгі кезеңде нарықтың орташа жылдық өсу қарқыны 11,45 пайызды құрайды. Кейбір болжамдарға сүйенсек, 2026 жылға қарай бұл нарық 9

- **БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ:**
- **БЕЙНЕКЕЗДЕСУЛЕР ӨНІМДІЛІКТІ 50 ПАЙЫЗҒА АРТТЫРАДЫ.**
- **2020 ЖЫЛЫ БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТРАФИГІ 535 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ.**
- **2021 ЖЫЛЫ ӘЛЕМДІК БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰНЫ 6,03 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА БАҒАЛАНАДЫ.**
- **КЕЗДЕСУЛЕРДІҢ НАШАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖЫЛЫНА 399 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСТАМ ШЫҒЫНҒА ӘКЕЛЕДІ.**
- **АДАМДАРДЫҢ 90 ПАЙЫЗЫ БЕЙНЕГЕ ТҮСІРГЕНДЕ ӨЗ КӨЗҚАРАСЫН ОҢАЙ БІЛДІРЕДІ.**
- **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ 76 ПАЙЫЗЫ ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ БАЙЛАНЫС ҚОЛДАНАДЫ.**
- **2020 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА SKYPE-ҚА КҮН САЙЫН 40 МИЛЛИОН ҚОЛДАНУШЫ ҚАТЫСТЫ.**

сәйкесінше байланыс та шетелдік трафик арқылы орнатылады. Ал біздің жағдайда жергілікті серверлер пайдаланылатындықтан, артық жүктеме болмайды. Біз әр қаланың өзінде жеке сервер болады деп жоспарлап отырмыз. Бұл жылдам мәлімет алмасуға, шығын көлемін азайтуға, тұрақты байланыс орнатуға септігін тигізеді, – дейді Шыңғыс Жексенбейұлы.

Оның айтуынша, IT-мамандары жобаны әлі де жетілдіру үстінде.

– Мысалы, қазір сауалнама модулін қосу үшін бағдарлама

көре алады. Одан бөлек, сұрақ-жауап жүргізіп, мини-тест жасауға, қызметкерлердің ой-пікірін білуге, ұжым арасында дауыс беруге болады. Бір сөзбен айтқанда, сауалнаманы өз қажеттілігіңізге байланысты жасай аласыз. Пайдаланушы оның уақытын, жауаптың дұрыс-бұрыс нұсқаларын өзі таңдайды, – дейді Шыңғыс мырза.

Jinalys Room Univer жүйесімен біріктірілген, сол себепті сабақ кестесі негізінде онлайн-бөлмелер жасақталады. Мұғалім әр сабақта жеке-жеке бөлмелер құрып отырмайды. Егер Univer



Шыңғыс Рабат

– Дүниежүзілік пандемия басталған тұста барлық кәсіпорындар онлайн режимде жұмыс істеуге көшті. Осы кезде бизнестегі ұйымдастыру шаралары, педагогикалық бағыттағы сабақтар онлайн-конференция өткізетін платформаға мұқтаж екенін көрдік. Өйткені алғашқы кезде шетелдік интернет-трафикке жүктеме көбейіп кеткендіктен, Zoom секілді сервистерді пайдалану қиындық туғызды. Сондықтан қазақстандық серверде орналасқан жүйе қажет болды. Ол бейнеконференцияның рөлін атқарып қана қоймай, Univer сияқты оқыту жүйесінің функцияларын да қамтуы керек деген ойға келдік. Қазіргі таңда Jinalys Room Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің корпоративтік жүйесімен және Univer жүйесімен интеграцияланған, – дейді орталықтың жүйелік әкімшісі Шыңғыс Рабат.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Ректорлар кеңесі ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жоғары білім беру мен университеттік ғылымның дамуы мәселелерін БАҚ беттерінде көңінен насихаттау үшін республикалық байқау жариялайды.

тік ортадағы әлеуметтік-мәдени шаралар жиынтығының тиімділігіне байланысты тақырыптарды насихаттау; – жоғары білім беру және

БАҚ-та жоғары білім беруді дамыту мәселелерін насихаттауға арналған байқау



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
РЕКТОРЛАРЫНЫҢ КЕҢЕСІ

СОВЕТ РЕКТОРОВ
ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



университеттік ғылым тақырыбында жазатын журналистер мен БАҚ құралдарының кәсіби қызметін қолдау, студент жастарды ынталандыру.

Байқау материалдары svrvrk@enu.kz электронды мекенжайына жіберілуі тиіс. Жыл сайын өткізілетін байқаудың ережесімен ([pdf сілтеме](#)) толық танысуға болады.

Біздің оқырман



Срайыл СМАЙЫЛ,
«JAS QAZAQ» газетінің бас редакторы



Суретті түсірген – Досжан Балабекұлы

Нейроғылым – жас ғылыми сала

XX ғасыр – биология ғасыры болатынын бүкіл дүниежүзі ғалымдары мойындаған болатын. Шындығында, өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап биология саласында ашылған ғылыми жаңалықтардың нәтижесінде қоршаған орта мен әлеуметтік ортаның, оның ішінде адамзат баласының мәдени, рухани дамуының болашағы жайлы көзқарастар өзгерді. Қазір де сондай сеніммен болжам айтар болсақ, биология саласындағы жаңа ғылыми жаңалықтар күтіп тұр деуге болады.



және биотехнология факультетінде іске асырылуда. Факультет ұжымының басты мақсаты мен міндеті – жан-жақты білімді, білікті мамандар даярлау. Атап айтар болсақ, 2020/21 оқу жылында Биофизика және биомедицина кафедрасының жанынан тағы да жаңа «Нейроғылымдар» мамандығы ашылды. Бұл жас ғылыми сала деуге болады. Зерттеу нысандары адамның жүйке жүйесіндегі жасушалардың, оны ұйымдастырып және басқару процестерін анықтаушы ғылым деуге болады. Сондықтан мектеп бітіруші түлектерге бакалавр, магистратура, докторантураға түскісі келетіндерге құшақ жайып, «Қош келдіңіздер!» дейміз.

Нұртай ТОРМАНОВ,
Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының профессоры

Осыған орай, ғылыми ізденіс мына бағыттарда жүргізілуі тиіс: әсіресе тірі ағзалардың жеке дамуындағы гендердің өзара әсерінің механизмдерін зерттеу; гендік карталарды жасау; адам ағзасының зат алмасу механизмдері, көптеген тұқымқуалаушылық ауруларды емдеу болашақ нәрестенің қалыпты жағдайда дамуын алдын ала болжауға мүмкіндік болады.

Қазіргі таңда ғылымдардың алдында тұрған тағы бір басты проблема – ағзаның иммундық жүйесінің жұмысын басқара білу. Осы мәселенің шешімі әлі

де болса толық зерттелмеген. Дүниеде аяқастынан таралып жатқан Covid-19 індеті миллиондаған адамның өміріне балта шабу. Осы бағытта микробиология және вирусология ғылымдарының алдында аса жауапты зерттеулер күтіп тұр. Дәл осындай қиын-қыстау кезеңде Қазақстан ғалымдары осы дертке қарсы тұратын «Қазвак» вакцинасын дайындап, көптеген адамдардың өмірін қорғап қалды. Вакцинаның оң әсерін бүкіл әлем мойындап отыр.

Биолог-ғалымдар басқа ғылыми салалармен қауымдасып

еңбек етуінің нәтижесінде ғылымның қолданбалы салалары қалыптасты. Атап айтар болсақ, астрономия ғылымымен бірігіп, ғарыш кеңістігін игеру барысында адам ағзасының экстремалды жағдайларға бейімделу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Биология, биотехнология, молекулалық

биология, гендік инженерия салалары да дамып, ауыл шаруашылығы саласында малшаруашылық өнімдерін арттыру жолдарын зерттеп, тың нәтижелерге жетті.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша кәсіби мамандар даярлау Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Биология

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.